

12006


5748к


нем балалар әдебиеті

ЭЗОП
И.А.КРЫЛОВ

МЫСАЛДАР










Әлем балалар әдебиеті







Әлем балалар әдебиеті

ЭЗОП

И.А.КРЫЛОВ



© Алматы
«Балауса» баспасы
2005

ББК 84(0)

Э 30

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрагат комитетінің «Әлеуметтік маңызды өдебиет түрлерін өзірлеу және шыгару» бағдарламасы бойынша шыгарылып отыр.

Ақылдастар алқасы:

*Есемжан Қосубаев
Сламбек Тәуекел
Қадыр Мырза Әли – төраға
Әлібек Асқаров
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмабаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев*

Э 30 Эзоп. Мысалдар. Аударған Ә.Тұрманжанов. И.А.Крылов. Мысалдар. Абай аудармалары. А.Байтұрсынұлы аудармалары. Әркімдер аудармалары. Құрастырыған: О.Асқар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2005. – 320 бет.

Бұл өлем балалар өдебиетіне арналған 50 томдықтың бірі.

ISBN 9965-672-39-3

Э 4804000000
411(05)-05

ISBN 9965-672-39-3

ББК 84(0)

© «Балауса» баспасы, 2005
© Құрастыруши О. Асқар
© Дизайнер Ж.Болатаев

Алғы сөз

Мысал жанрының ен байырғы негізін салушы Эзоп тарих ғылымының ежелгі аталары Геродоттың, Плутарктың айтуларына қарағанда, біздің гасырымыздан бұрынғы 620–560 жылдары өмір сурген. Ол ертедегі грек халқының перзенті. Эзоп о баста Самосқ Иадмон дегеннің басыбайлы құлы болған. Кейінірек басына бостандық алған соң, Лидия патшасы Крезаның сарайында қызмет еткен. Патша оны Дельфияда тұратын бір сөүегей абызга түрлі сый-сияптар беріп елшілікке жібереді.

Осы өміріндегі кездердің бәрінде, тумысынан ерекше талантқа ие Эзоп, құл иеленушілердің, патшалардың, олардың сарайларындағы жағымпаз, жемқор, алдамшы, жауыз, сүм-сүркіялардың өзі күө болып жүрген қылмысты қылыштарын төте әшкерелеп жазудан, өз басына төнетін қауіптен қорқып, астарлап, әр түрлі хайуанаттар бейнесінде суреттеп жазып та, көпшілік қарапайым халық арасында айтып та жүреді. Көкірегі ояу, көніл көзі көреген жүрт ішіндегі ақылмандар Эзоптың бейнелеп жүргендерінің шын мәнінде кімдер екенін іштей сезіп, өжуа, ащы құлкіге айналдырып, оларға деген өшпенілік ыза-кегі оянып, зығырданы қайнайды. Ақыры билеуші, бай-манаптардың да санасына жетіп, Эзоптың мысалдарының мәніне үніле бастайды. Сейтіп ол мысалдардан өздерінің озбырлыққа құрылған түп негізіне балта шабағын тегеуірінді күшті сезінеді. Ендігі жерде Эзоптың көзін қалай тезірек жоюдың амалын ойластырып, оны «құдайдан безген, дін бузар» деген жаламен айыптаپ, нәтижесінде бік жартастан құлатып өлтіреді. Эзоп жайында бізге жеткен деректердің бар болғаны осы гана.

Осы кезге дейін Эзоп жазды делінетін мысалдардың ұзын саны 650. Осының ішінен белгілі балалар ақыны биыл туганына 100 жыл толып отырған Өтебай Тұрманжанов аталарының кезінде таңдал, іріктең қазақ тіліне аударған 73 мысалды осы кітап арқылы өздерінізге қайталап ұсынып отырмыз.

Дүниежүзінің өйгілі мысалшы ақын-жазушыларының бәрі де осы Эзоптан үлгі алған. Соның бірі орыстың ұлы мысалшысы Иван Анд-

реевич Крылов. Ол 1769-жылы Мәскеуде туған. Әкесі патша әскерінің офицері болған. Болашақ мысалшы Иванның 11 жасында әкесі өліп, жетім қалады. Калязинскідегі сот кенсесінде болмашы қызметке орналасқан жас Иванның мардымсыз жалақысына қарап қалған Крыловтар отбасы, қалт-құлт етіп өлмestің күнін көреді. Иванның аласы Мария Алексеевна баласының оқып-үйренуіне елеулі үлес қосады. Иван сол бала кезінен-ак француз, итальян тілдерін үйренеді. Қөп оқиды. Үнемі шешесінің көмегімен өз білімін өзі жетілдірумен болады.

1782-жылы Петербургте жұмыс істеуге мүмкіндік тауып шешесі мен інісін қолына алады. Осы кезден бастап әдебиетке шындал араласа бастайды. Газет-журналдарда алғашқы шығармалары жарық көреді. Алғашында театрлармен байланыс жасап комедиялық пьесалар жазумен өуестенеді. Жиңінға ұшырайды. Өлеңдер жазумен де шұғылданады. Епте мысалдар да жаза бастайды. Қөп жыл көпшілік кітапханаларда істейді.

1809 жылдың 24-ақпанында И.А.Крыловтың тырақталды мысалдар жинағы жарық көреді. Бірден жүртшылық назарына ілігеді. Сыншылар да жарыса талдап, мақтап-мадақтайты. Автордың өзі де мұндай жетістікті күтпеген еді. Оқырмандардың сұрауы бойынша қайталап басылады. Қоңілі өсіп, шабыты шалқыган Крылов тың туындылар жазуга құлышына кіріседі. Арада екі жыл өтер-өтпестен «Жаңа мысалдар» деген екінші жинағы жедел баспадан шыгады.

Сейтіп қөп дайындықтармен өз жанрын тапқан И.А.Крылов бірден атакты мысалшы ақынга айналады.

Оның жалпы халықтық даңқы жайында В.Г.Белинский: «Крылов біздің әдебиетіміздің ары, атағы, мақтанышы. Оның «Мен орысты білемін, орыс мені біледі» деп айтудың әбден хақысы бар» деп жазды. Оның мысалдарын еңбектеген баладан, еңкейген көріге, есіктегі жалшыдан, төрдегі би, патшага дейін бәрі оқыды, білді. Бұл жайында даңқты қолбасшы Кутузовтың өз әскерлеріне Крыловтың мысалдарын жатқа оқып беретіндігі жайында И.П.Быстроўтың естелігін еске алсақ та жеткілікті. («Северная пчела», 1846, №64.)

Крылов 1844-жылы 9-қарашада Петербургте қайтыс болды. Келесі жылы оған ескерткіш орнатылды.

Орыс әдебиетіндегі мысал жанрының атасы саналатын И.А.Крыловтың тандаулы мысалдарын Абай, Ахмет Байтурсынов баставаң қазақ ақындары жабыла қазақ тіліне жарыса, бәсекелесе аударған шығармаларын түгелдей, алғаш рет бір кітапта бас қостирып өздеріне ұсынып отырмыз.

Кейде бір өлеңді бір аудармашының екі түрлі аударғаны, немесе екі аудармашының жарыса аударғаны кездеседі. Олар бірін-бірі то-лықтырады.

Оразақын АСҚАР



ЭЗОП МЫСАЛДАР

Аударған
Ә.Тұрманжанов

© Қазақша «Қазмемкөркемәдеббас», 1962





ЖИЛДЫН НЭМ АЖАУЧАМЫК

Жадеңік кікі ітті айдан влюблыму
Жадеңік инбот митқаттән өзін пызыду
Немісін жағынан вииміттішкөң әздолі
Инбот жадеңік шәрдің оңтүстікінде

ЕКІ ЖОЛДАС

Орманда екі жолдас келе жатты,
Әр түрлі әңгіме етіп өткен шақты.
Бір аю алдан қарсы шыға келіп,
Бұларға аузын ашып, тұра шапты.

Аюдан бұл екеуі қатты састы,
Бірі қалып, біреуі тұра қашты.
Қашқан шығып ағашқа жасырынды,
Жолдасына қарамай, қорғап басты.

Жол үстінде біреуі қалды тұрып,
Амал таппай қалуға мойын бұрып,
Өлген болып, жығылып жата кетті,
Басқа айла таппастан мысы құрып.

Алшаң басып аяндал аю келді,
Ііскелеп келді де, байқап көрді.
Кісі демін алмады – тастай қатып,
«Өлген гой» деп өтті де, жүре берді.

Аю кетті, ағаштан түсті серік,
Жолдасынан сұрады құліп келіп:
«Құлагыңа ол не деп сыйырлады,
Әдейілеп, бұрылып жүріп келіп?»

Жолдасы серігіне айтты сонда,
Бұрылып қайта түсіп келген жолға:
«Қыын жерде жолдасын қыып кетер
Жаманға, – деді, – сірә, жолдас болма!»

ҚҰМЫРСҚА МЕН ИНЕЛІК

Құмырсқа еңбек етті ала жаздай,
Шұбырып кіре тартып, тобын жазбай.
Шілдеде саршатамыз таңдай кепкен
Азығын таси берді азбай-тозбай.

Азығын сарайына қойған құйып,
Күздегі жауын-судан дымқыл тиіп.
Құрғатып күн көзіне кептірмекке,
Алдына есігінің қойды үйіп.

Қалжырап жаурап тоңған аш инелік,
Алдына құмырсқаның жетіп келіп:
– Қырманнан кеусен беріп, қараспасаң,
Достар-ау, қалатынмын аштан өліп...

Құмырсқа сонда айтты инелікке:
– Біреуден сұрап алған дүниелік пе?
Қамдамай қыс азығын жазда неге
Сандалып, сағым қуып журдің текке?

– Өлеңнен ала жаздай қол тимеді,
Жиуога қыстық азық жол тимеді.
Ән салып, өлең айтып, қосық тартып,
Мастанып ұмытыпсыз қысты, тегі...

Құлді де құмырсқалар мына сөзге,
– Қылығың, инелікжан, – деді – өзге,
Жазасын, жаз ән салсан, қыс береді,
Еріншек еңбек етпей болсаң кезбе...

БҮГІН МЕН ЛАҒЫ

Бұғының жас бір лағы,
Селтиіп қана құлағы.
Әлденеге таңырқап
Әкеден бір сөз сүрады:

– Сен неге иттен қорқасың?
Қарусызыбысың қорқатын?
Мүйізің бар сүйрік тым,
Өзің иттен жүйріксің...

Әкесі құліп сейледі:
– Ып-рас сөзің орынды.
Қөнілге тіпті қонымды,
Өзі емес, иттің даусы гой
Қайнатып жүрген сорымды.

Естісем есім қалмайды,
Ойлауға мұршам болмайды.
Зып беріп, зытып жәнелем,
Бәрінен осы зор қайғы.

ҚАСҚЫР МЕН ТЫРНА

Сүйекке қасқыр қақалды,
 Сапсандатты сақалды,
 Қақалды да маталды,
 Жан алқымға тақалды.
 Тағат, сабыр қылмады,
 Шақырып алып тырнаны:
 «Мойны ұзын дос, сыйым бар,
 Мынаны ал!» – деп ымдады.
 Тырна ойланды алмаққа,
 Сыйга батып қалмаққа.
 Еппен гана иіліп,
 Басын сұқты тамаққа.
 Бір көтеріп иекті,
 Алып шықты сүйекті.
 Қасқыр жаны жай тапты,
 Ағытқандай тиекті.
 Сонда айтты тырнаныз:
 «Сыйыңыз көне, мырзамыз?
 Бір ажалдан ап қалдым,
 Көп сарандық қылмаңыз!»
 Ақырды қасқыр шамданып,
 «Сый алмақпсың жалданып,
 Аузымда басын тұрғанда,
 Кетпегенге шайналып,
 Ырза болмай тұрмысын,
 Әлі кетпей айналып...»

АТ ПЕН ЕСЕК

Біреудің есегі мен аты болды,
 Бір жаққа апаратын заты болды.
 Есек пен атқа жүгін артып алыш,
 Шандатып келе жатты ұзын жолды.

Ентігіп есек жүгін ауырлады,
 Моншактап мойнынан тер сауылдады.
 Аяғын шалыс басып, өлі құрып,
 Сонда оның атқа өтініп жалынғаны:

«Ей, достым, жүре алмаймын, өлім бітті,
 Шойындай ауыр менің жүгім тіпті.
 Титықтап діңкем құрып, тұраладым,
 Алмасаң қарайлласып біраз жукті».

Бұл сөзге ат құлақ салып, қарамады.
 Ойланып тереңірек бара алмады.
 Жығылып, жол үстінде омақасып,
 Жүруге енді есек жарамады.

Осылай есек пақыр болды шығын,
 Иесі атқа артты барлық жүгін.
 Терісін де есектің тағы атқа артты,
 Тастанамай жол үстінде жалғыз түгін.

Бұл жағдай ат байғұска қызын болды,
 Жылады екі көзі жасқа толды.
 Жолдасқа аз жүгін ап, қарайлласпай,
 Қарашы тілеп алған мына сорды.

ҰРЫ МЕН АНАСЫ

Дәптерін серігінің ұрлап жана,
Әкелді анасына бір жас бала.
Анасы қой демеді, құптады оны
Ақырын арқасынан қағып қана.

Ұрлады екінші рет бала шекпен,
Білгізбей ешбір жанға тіпті еппен.
Анасы онан сайын мақтады оны,
Қарсы алып, қабақ шытпай, жылы леппен.

Уақыт дәл осылай өте берді.
Ұрлыққа бала үйреніп кете берді.
Алган соң жаны үйреніп жаман іске,
Үзбестен оны өнер ете берді.

Бір күні қолға түсті ұрлықпенен.
(Емес пе ұрлық түбі қорлық деген).
Әкелді қолын байлап, дарға асуға,
Жендеттер ұрып-соғып зорлықпенен.

Анасы жылап-еніреп өбден сасып,
Жақындалп келе берді қатарласып.
Ұры айтты: – Өзіне бір айтарым бар,
Бері кел, анам, – деді, – жақын басып.

Анасы жанай басып жақын барды.
Естімек болып сөзін, құлақ салды.
Көзді ашып-жұмғанша ұры шапшаш
Құлағын бір-ақ тістеп қыршып алды.

Анасы оңбаған деп ойбайлады,
Оңбаған қылық ед деп бұл қайдағы.
Ұры мен анасының оқиғасын
Жүрген жүрт тыңдай қалды манайдағы.

Ол айтты анасына соңғы сөзін,
Толтырып қанды жасқа екі көзін:

– Дәптерді алғаш үрлап әкелгенде
Бұрасаң құлағымды қой деп өзің.

Үрлықты онан кейін етпес едім,
Бұл күйге масқара боп жетпес едім.
Қағынып қаршадайдан дарға асылып,
Қызылып көк жуадай кетпес едім...

* * *

Салмаса жаман іске алдан тыйым,
Болады нақ осындай арты қын.
Болар іс болғаннан соң пайдасы жоқ,
Қайғырып мейлің жыла, мейлің күйін.

KICI МЕН СУ ИЕСІ

Шілде де саршатамыз – ыстық қатты.
Бір кісі су жағалап келе жатты.
Талығып таңдай кеүіп шөлдеген сон
Тауып ап төмен түсті бір суатты.

Шалқар көл көрінбеді жиек-шеті,
Тербеліп, толқын ойнап жатыр беті.
Қызығын былай қойып көлден көрген,
Кісінің су ішуге кетті ниеті.

Су ішті тізе бүгіп жарлау жерден,
Жолы жоқ жағалығы тарлау жерден.
Жүргенде қысалактап-сасқалактап
Балтасы суға түсіп кетті белден.

Жарлы еді күнін көрген балта шауып,
Аз несіп сонан ғана жүрген тауып.
Айрылып жандай досы балтасынан,
Жылады көздің жасын көлге сауып.

Жаны ашып балташыға жасын төккен
Қарады қаз бен үйрек, өткен-кеткен.

Ақ сапты алтын балта қолына алып
«Су ие» шыға келді сол жиектен

«Мынау сенің балтаң ба?» – деді келіп,
«Менікі емес, – деді ол, – оны көріп».
«Мынау сенің балтаң ба?» – деп сұрады,
Тағы да күміс балта алып келіп.

«Бұ-дағы менікі емес, – деді». – Шырак,
Бұл балта менікінен тым ағырақ».
Ушінші өз балтасын алып шығып,
«Мынаны танимысың?!» – деді сынап.

Кісі алып «мынау менің балтам», – деді,
Қуанып «қайдан таптың, қалқам?» – деді.
Жаудырып жақсылықтың бәрін соған,
Өзі де бір дем алып «өлқам» деді.

Кісіге шынын айтқан риза болып,
Нұрына ақиқаттың көнілі толып.
Алтын, күміс балтаны сыйға беріп,
Су иесі жоғалды ғайып болып

Балташы ауылына келді қайтып,
Көргенін көршілерге берді айтып.
Бір көрші оңай олжа таппақ болып,
Жөнелді балтасын ап суға тартып.

Балтасын көлге тастап көрді жылап,
Отырды көл шетінде көзін бұлап.
«Су ие» алтын балта алып шығып:
«Осы ма еді балтаңыз?» – деді сынап.

«Менікі-менікі!» деп айқай салды.
Су иесі мұнан сырын байқай қалды.
Өтірікке алтын балта былай тұрсын,
Өзінің де балтасын қайтармады».

ҚОЯНДАР МЕН БАҚАЛАР

Барлық қоян жиылып,
Сыр айтысып, сырласты.
Бізден сорлы жан жоқ деп
Мұңайысты, мұңдасты.

«Адам да, ит те, бүркіт те –
Бәрі де бізге бір тажал.
Қырги да, құс та, жылан да,
Бәрі де бізге бір ажал.



Бүйтіп қор боп жүргенше
Жан айласын қылайық.
Бұға-бұға өлгенше
Шырт етіп, шорт сынайық.
Тірі азапқа көнгенше
Бір-ақ өліп тынайық.

Жүріндерші,
жүріндер!
Суга түсіп өлейік,
Азаптан азат болайық,
Неге өлейік демейік...»

Осыны айтып қояндар
Көлге қарай жарысты.
Желдей есіп екпіні
Жарысып көлге барысты,
Қояннан қорқып бақалар
Күмп-күмп етті көліне,
Үрейленіп, қорқысып
Әлде ненің желіне.

Сонда айтты бір қоян;
«Тоқтаңыздар, жарандар!
Бізден де қорқақ бар еken.
Бақаларға қараңдар!

Бізден де сорлы, жүрексіз
Тіпті қорқақ жұрт еken.
Тоба қылмай осыған,
Өлуіміз мылт еken».



ИТ, ҚОРАЗ, ТҮЛКІ

Жолдас боп ит пен қораз жолға шықты,
Кезбекке дүниені мақсат қыпты.
Жол жүріп кешке дейін арып, талып,
Бір жерге қонбақ болып кідіріпті.

Қою-қою қалың ағаш әсем көрік,
Қойғандай құйқылжытып қолмен өріп.
Ағашқа қораз шығып қонақтады,
Ит жатты бір қуыста оны қорып.



Дегенде түн ортасы болды-ау анық,
Жіберді әлгі қораз өнге салып.
Бір түлкі жылпың етіп жетіп келді,
Әтештің әлдекандай даусын танып.

Түлкі айтты:

– Жерге түсші, асыл затым,
Құшақтап көрісер ем келсең жақын.
Дауысың сазды, күйлі, әсем қандай,
Көргем жоқ өмірімде сендей ақын.

– Сөзіне құлақ қойдым, түлкі шырақ
Мақтауга сениң тілің ұста тым-ақ.
Түсейін, көрісейін, есік ашсын,
Әуелі күзетшімді оят бірақ.

Түлкі іздел оятпаққа күзетшіні,
Жаңғыртты тұнық тұнді үрген үні.
Түлкінің даусын танып ит оянып,
Өлтірді ұстап алып шіркін сүмды.



ТАУЫҚ ПЕН ҚАРЛЫГАШ

Жыланның жұмыртқасын тауып алғып,
Балапанғып ашпақ бол басты тауық.
Өз баласы секілді еміреніп,
Шайқап жатты сүйсініп ауық-ауық.
Бұл жұмысты қарлыгаш байқап еді,
Байқап басын тауыққа шайқап еді.
– Ей ақымақ, ашқаның, алдыменен
Өзінді жер, сен оны байқа деді.

АРЫСТАН ТЕРИСІН КИГЕН ЕСЕК

Арыстанның терісін есек киді.
Арыстан деп аң мен мал басын иді.
Қошемет қып, құрмет қып алдына кеп
Тіпті ерекше көрсетті артық сыйды.

Жел ұшырып әкетті тері тонды,
Арыстаны бұл жүрттың есек болды.
Алдаң жүрген айласы ашылған соң
Жегені есегінің кесек болды.

АРЫСТАН МЕН ТЫШҚАН

Арыстан күн шуақта ұйықтап қалды,
Бір тышқан үстін басып ойнақ салды.
Бүргедей бүлкілдеген бишаараны
Арыстан оянды да, үстап алды.

– Ей, шері, босат мені, кешір күнөм!
Мен-дағы саған бірде рақым қылам.
Арыстан күлді-дағы жіберді оны,
Қолынан не келед деп таң ғап бұған.

Аңшылар арыстанды үстап алды,
Ағашқа арқанменен байладап таңды.
Байлаудан босануға өлі келмей
Өупілдеп сонда арыстан ыңыранды.

Естіп мұның даусын тышқан келді,
Арқанды қиды талдап қысқан белді.
Құтылып аңшылардың қармагынан
Арыстан алшаң басып жүре берді.

«Өлі арыстанның тірі тышқан артық»,
Деген мақал есіне түспес қайтіп.
Құтқарсан қыспактағы бір сорлыны,
Жақсылық алдыңа бір келер қайтып.